

"Төлеби аудандық мәслихатының 2009 жылғы 12 ақпандағы № 12/90-IV "Бір жолғы талон негізіндегі арнаулы салық режиміне сәйкес біржолғы талондарының құнын белгілеу туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы"

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Төлеби аудандық мәслихатының 2011 жылғы 30 қыркүйектегі N 40/279-IV шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Төлеби ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 21 қазанда N 14-13-92 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Төлеби аудандық мәслихатының 2012 жылғы 21 желтоқсандағы № 12/65-V Шешімімен

Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Төлеби аудандық мәслихатының 2012.12.21 № 12/65-V Шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына және Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқада міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексын (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Заңының 36-бабы мен Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 30 маусымдағы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кедендік реттеу және салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңының 1 бабының 37 тармағының 9) тармақшасына сәйкес, Төлеби аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. «Біржолғы талон негізіндегі арнаулы салық режиміне сәйкес біржолғы талондардың құнын белгілеу туралы» Төлеби аудандық мәслихатының 2009 жылғы 12 ақпандағы № 12/90-IV (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 14-13-49 нөмірімен тіркелген, «Төлеби туы» газетінің 14 - нөмірінде 2009 жылғы 21 наурызында жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1 тармақтағы «Біржолғы талон негізіндегі арнаулы салық режиміне сәйкес біржолғы талондардың құны № 1, 2 қосымшаларға сәйкес белгіленсін» деген сөздер «Базар аумағындағы дүңгіршіктердегі, стационарлық үй-жайлардағы (оқшауланған блоктардағы) сауданы қоспағанда, базарларда тауарлар өткізу, жұмыстар орындау, қызметтер көрсету жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандар, дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар қолданады» деген сөздермен ауыстырылсын; шешімнің 1 қосымшасындағы «ауыл шаруашылығы техникалары, жүк

көліктері, автобустар» деген сөздер алып тасталынсын;
шешімнің 2 қосымшасындағы «тұрақты» деген сөз «стационарлық» деген сөзбен; «тікпе көшет» деген сөздер «екпелер» деген сөзбен; «тірі» деген сөз «табиғи» деген сөзбен; «үй жанындағы ауыл шаруашылығы, бау-бақша және саяжай учаскелерінің өнімдері» деген сөздер «қосалқы ауыл шаруашылығы, бағбандық бақшалық және саяжай учаскелерінің өнімдері» деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н .

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат сессиясының төрағасы *Ж. Опышев*

Аудандық мәслихат хатшысы *Ә.Шыңғысбаев*